

Облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасындағы 2011-2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 28-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанда N 3057 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 14 ақпандағы № 15-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 14.02.2014 № 15-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес жылдар бойынша бөлінген абсолютті көріністегі облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасындағы 2011-2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындай отырып,

облыстық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялар көлемі белгіленсін:

1) 2011 жылға 18 870 420 мың теңге сомада, оның ішінде:

Ақжайық	-	2	417	995	мың	теңге;
Бөкей ордасы	-	1	312	676	мың	теңге;
Жаңақала	-	1	294	166	мың	теңге;
Жәнібек	-	1	247	214	мың	теңге;
Зеленов	-	2	369	857	мың	теңге;
Казталов	-	1	913	532	мың	теңге;
Қаратөбе	-	1	427	922	мың	теңге;
Сырым	-	1	715	293	мың	теңге;
Тасқала	-	1	291	964	мың	теңге;
Теректі	-	2	675	511	мың	теңге;
Шыңғырлау	-	1	204	290	мың	теңге.

2) 2012 жылға 20 967 817 мың теңге сомада, оның ішінде:

Ақжайық	-	2	704	467	мың	теңге;
Бөкей ордасы	-	1	431	587	мың	теңге;
Жаңақала	-	1	443	720	мың	теңге;
Жәнібек	-	1	381	522	мың	теңге;
Зеленов	-	2	641	346	мың	теңге;
Казталов	-	2	167	431	мың	теңге;

Қаратөбе	-	1	577	903	мың	теңге;
Сырым	-	1	898	638	мың	теңге;
Тасқала	-	1	438	024	мың	теңге;
Теректі	-	2	950	297	мың	теңге;
Шыңғырлау	-	1	332	882	мың	теңге.
3) 2013 жылға 21 225 215 мың теңге сомада, оның ішінде:						
Ақжайық	-	2	748	321	мың	теңге;
Бөкей ордасы	-	1	452	504	мың	теңге;
Жаңақала	-	1	437	819	мың	теңге;
Жәнібек	-	1	406	429	мың	теңге;
Зеленов	-	2	609	044	мың	теңге;
Казталов	-	2	207	222	мың	теңге;
Қаратөбе	-	1	611	258	мың	теңге;
Сырым	-	1	931	504	мың	теңге;
Тасқала	-	1	460	787	мың	теңге;
Теректі	-	3	005	033	мың	теңге;
Шыңғырлау	-	1	355	294	мың	теңге.

2. Бөрлі ауданы және Орал қаласы бюджеттерінен облыстық бюджетке алынатын бюджеттік алымдар 2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджетке қарастырылмайды деп белгіленсін.

3. Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде ескерілген шығыстарды қ а р а с т ы р у :

1) 2011-2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшерін айқындау кезінде аудандық (қалалық) бюджеттердің шығыстарында қосымша е с к е р і л у і қ а ж е т :

1.1 2010 жылы республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығыстар, оның ішінде келесі б а ғ ы т т а р б о й ы н ш а :

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға;
"Өзін-өзі тану" пәні бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілікті арттыру институттарын оқу материалдарымен қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік ж ә р д е м а қ ы т ө л е у г е ;

медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға;
ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұ с т а у ғ а ;

1.2 2010 жылы облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығыстар, оның ішінде келесі б а ғ ы т т а р б о й ы н ш а :

шағын орталықтарды ашуға және ұстауға;
жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға;
үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз е т у г е ;

аймақтық жастар саясатын іске асыруға;
2) бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысының 2011 жылдан 30%-ға өсуіне қарай 2011 жылға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшерін айқындау кезінде аудандық (қалалық) бюджеттердің шығыстарында қосымша қ а р а ж а т т а р е с к е р і л д і .

4. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Сессия төрағасы

И. Илимисов

Облыстық мәслихат хатшысы М. Құлшар